

егемен

Казвәтәһән

Төрағалыққа кірісер қарсаңда

Мұның алдында, бір жыл бұрын Брюссельде болған Кеңес Қазақстанның 2009 жылға төрағалық етуге ниет еткен ұсынысын қарауды кейінге қалдырған болатын (05.12.2006 жыл). Бұл Қазақстанның кандидатурасын өткізбей қоя ма деген дүдәмал ойлар тудырды. Сондықтан да Мадридтегі Кеңеске дейін Қазақстан сыртқы саясатта да, ішкі саясатта да демократиялық институттардың жұмысын жетілдіру бойынша көптеген істер атқарды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі Қазақстанның кандидатурасына қарсы болған елдер басшыларымен кездесулер өткізіп, олардың пікіріндегі кедергі болып тұрған мәселелерді шешу бағытында көптеген жұмыстар жасады. Сыртқы істер министрі Марат Тәжиннің де осы бағытта біраз шаруалар атқарғанын білеміз. Сол жылғы 30 сәуірде болған ЕҚЫҰ Тұрақты Кеңесінің отырысында ол: “Қазақстанның 2009 жылға төрағалық етуін оң шешу біздің еліміздің және жалпы аймағымыздың жаңалануына көпжақты ықпал етер еді. Сонымен қатар, ол басқа да орталықазиялық елдердің саяси және экономикалық жүйесін либералды, ашық бағытта жүргізуіне ынталандырар еді”, деген болатын. Осы сөздер ЕҚЫҰ-ның жыл сайын шығатын баянхатының 2007 жылға арналған санында жазулы тұр.

Мадридтегі Кеңесте Сыртқы істер министрлері алғаш рет үш жылдың төрағасын бір-ақ сайлау тәртібін енгізді. Соған сәйкес Қазақстан 2009 жылға емес, 2010 жылғы төрағалыққа өтті. Сол жолы Грекия – 2009, Қазақстан – 2010, Литва – 2011 жылдарға төрағалар болып сайланды. Сөйтіп, еліміз өзінің танылуы мен беделінің артуы жолында тағы бір үлкен белеске шықты. Бұған қазақстандықтардың қуанбағаны кемде кем шығар.

Енді еліміздің алдында осы үлкен сенімді абыроймен атқарып шығу міндеті тұр. Бүгінгі таңдағы сыртқы саясатымыздың басым бағытының бірі де сол.

Еліміз төрағалықты атқаруға дайындық бойынша жоспарлы түрде кешенді жұмыстар жүргізіп жатыр. Алдымен Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен ЕҚЫҰ-дағы Қазақстанның тұрақты өкілдігі ашылды. Оның басшылығына тәжірибелі мәмілегер Қайрат Әбдірахманов тағайындалды.

2008 жылдың маусым айында Сыртқы істер министрлігінде ЕҚЫҰ мәселелерімен айналысатын арнайы департамент ашылды. Ол еліміз төрағалық еткен уақытта болатын Мақсатты топтың (ағылшынша атауы – Task Force) негізін қалайтын болады. Мақсатты топ дегеніміз – қазіргі төраға (ҚТ) мен оның командасының негізгі құраушы элементі, ол ЕҚЫҰ-ның барлық институттарымен және мүше-елдермен өзара іс-қимылды жүргізетін болады.

Осы күні арнайы департамент Қазақстанның мемлекеттік органдарымен тұрақты түрде кеңестер өткізіп, төрағалық қызметтің қырларын жан-жақты зерттеуде. Сонымен қатар, ұйымға мүше – елдердің күн тәртібіне қатысты кейбір пікірлерімен танысуда, елдегі және шетелдік сараптау орталықтарымен байланыстар орнатуда.

Дайындық уақытында аталмыш департаменттің, министрліктің орталық аппаратының және Венадағы Тұрақты өкілдіктің қызметкерлері ЕҚЫҰ-ға тәжірибе үйренуге барып отырды. Сонымен бірге олар Еуропаның осы бағыттағы оқу орталықтарында және бұрын төрағалық еткен елдердің СІМ-дерінде де осы мақсаттағы іссапарларда болды. Осындай тәжірибеден өткен адамдардың ұзын саны қазір жүзге жақындады. Үстіміздегі жылы ғана 80 адам қатысқан 9 тренинг болды. Олар ұйым жұмысының көптеген бағыттарын тереңірек білуді, сондай-ақ қазақстандық Task Force жұмыстарын бізден кейінгі төраға литвалықтармен үйлестіру мәселелерін, т.б. қарастырды.

2009 жылдың 13 ақпанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің еліміздің төрағалық ететін үштіктің қатарындағы және Қазіргі төраға қызметтеріндегі кейбір мәселелері туралы арнаулы қаулысы шықты. Онда Қазақстанның 2009-2011 жылдары ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететін үштіктің сапында және 2010 жылы Қазіргі төраға болатын кезіндегі шаралар жоспарын орындауы үшін орталық мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету және ведомствоаралық комиссия құру қарастырылды. Ал жуырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада отырыс өткізіп, Төрағалық етуге дайындық жұмыстарын үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру жөнінде Үкіметке тапсырма берді. Оның төрағасы болып Сыртқы істер министрі Марат Тәжин тағайындалды.

ЕҚЫҰ-ның құрамы қатарына қазақстандық азаматтардың қызметке көбірек тартылуы да күн тәртібінен түспеді. Соның арқасында 2008 жылы онда жеті қазақстандық азамат қызмет етсе, 2009 жылы олардың саны оннан асты. Солардың ішінде Қазіргі төрағаның жеке өкілі қызметіне тағайындалғандар да бар. 2009 жылдың қаңтарында қазақстандық азамат “Мұсылмандарға қатысты төзімділік пен кемсітпеу мәселелерін қамтамасыз ету” жөніндегі жеке өкіл болып тағайындалды. Мұны – Елбасының осы бағыттағы жұмысын әлемнің мойындағанының бір белгісі деп қарастыруға болады.

Осы тамыз айында тағы бір қазақстандық дипломат Ж.Асанов ЕҚЫҰ-ның Минскідегі далалық миссиясы басшысының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Осы жылдың аяғына дейін Қазақстан жағы өзінің әртүрлі мәселелерге байланысты жеке және арнайы өкілі болатын дипломаттарды анықтауы керек. Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес бұрын тағайындалған кейбір жеке өкілдердің мандаты ұзартылатын болады. Ал басқа, босаған қызметтерге бірінші кезекте Қазақстан азаматтары тағайындалады.

Үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан басқарушы үштіктің мүшесі болып тағайындалғанын айтқанбыз. Осы қызметте ол алғаш рет, 17 наурыз күні ЕҚЫҰ мен ЕО-ның министрлер деңгейіндегі бірлескен отырысына қатысты. Бұл отырыста Еуропадағы екі үлкен құрылымның бұрыннан қалыптасқан бірлескен кеңес өткізу тетіктерінің маңыздылығы және қажеттілігі айқын көрінді. Мұндай қажеттілік ЕО-ның мүшесі болып

табылмайтын Қазақстан төрағалық еткен кезде де үлкен мәнге ие болатыны сөзсіз.

Үштіктің мүшесі ретінде Қазақстан биыл ЕҚЫҰ-ның Жерортатеңіздік әріптестерімен ынтымақтастық жөніндегі тобын бастап, Алжир, Египет, Израиль, Иордания, Марокко, Тунис елдері өкілдерімен болған кеңеске қатысты. Ал қазір болашақ төрағаның алдында тағы бір үлкен міндет тұр. Ол – 1 қазанда болатын ЕҚЫҰ-ның менеджмент және қаржы жөніндегі кеңесу комитетіне төрағалық ету. Бұл комитет 2010 жылғы бюджеттің құрылу мәселесін қарайды. Сондықтан оған болашақ төрағаның өзінің басшылық етуі заңды. Онда ЕҚЫҰ бюджетіне жарна төлеудің жана шкаласы, ортамерзімдік бағдарламаларды жоспарлауды жыл сайынғы бюджет шығысымен барынша жақын байланыстыру мәселелері қарастырылады. Осыған байланысты Қазақстан қазірдің өзінде бағдарламалық басымдықтарды жасауға қызу кірісіп кетті. Ал күзден бастап Қазақстан Экономика-экологиялық форумның шараларын өткізе бастайды. Оның алғашқысы Астана қаласында өткізіледі деп күтілуде. Төрағалық етер жыл қарсаңындағы әзіргі әрекеттер осындай.

Авторы: Жақсыбай Самрат.